

М. Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медицина университеті
Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бөлімі жанындағы
«Денсаулық сақтау» бағыты бойынша қоғамдық денсаулық сақтау және өзге де
денсаулық сақтау саласының мамандарын даярлау білім беру бағдарламаларын
оқу-әдістемелік қамтамасыз ету тобы

ЖБТ отырысының хаттамасы №14

2026 жылғы 19 ақпан, Ақтөбе қ.

Төраға: Ермуханова Л.С.

Төрағаның орынбасары: Мусаханова А.К.

Хатшы: Болатова Ж.Е.

Отырыс форматы: онлайн

Қатысқандар: «Медициналық-профилактикалық іс», «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Нутрициология», «Төтенше жағдайлар және апаттар медицинасы», «Менеджмент» комитеттерінің төрағалары.

Күн тәртібі:

1) «Қоғамдық денсаулық» бакалавриат білім беру бағдарламасының атауын «Қоғамдық денсаулық сақтау» деп өзгерту және оқу мерзімін 4 жылға дейін қысқарту туралы.

ТЫҢДАЛДЫ:

1. «Қоғамдық денсаулық сақтау» комитетінің төрайымы Хисметова З.А.-ның Комитет отырысының нәтижелері туралы ақпараты тыңдалды (2026 жылғы 18.02. №4 хаттама). Аталған отырыста «Қоғамдық денсаулық» бакалавриат білім беру бағдарламасының атауын «Қоғамдық денсаулық сақтау» деп өзгерту және оқу мерзімін 4 жылға дейін қысқарту мәселесі қарастырылды.

Білім беру бағдарламасының атауын өзгерту қажеттілігі оның атауын халықаралық терминологияға және денсаулық сақтау саласындағы заманауи ұлттық тәжірибеге сәйкестендірумен негізделетіні атап өтілді. «Қоғамдық денсаулық сақтау» термині кәсіби және нормативтік қолданыста орныққан, халықаралық Public Health ұғымына сәйкес келеді және жетекші халықаралық ұйымдардың (ДДҰ, CDC, ECDC және т.б.) қызметінде кеңінен қолданылады.

«Қоғамдық денсаулық сақтау» термині мамандарды даярлау мазмұнын неғұрлым толық әрі нақты сипаттайды, себебі ол келесі бағыттарды қамтиды:

- денсаулық сақтау жүйесін ұйымдастыру мәселелері;
- эпидемиология және аурулардың алдын алу;
- мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау;
- халық денсаулығын қорғау саласындағы басқару және саясат;
- талдамалық қызмет және денсаулық көрсеткіштерін бағалау;
- профилактикалық бағдарламаларды әзірлеу және іске асыру.

ТМД елдері мен Еуропаның бірқатар мемлекеттерінде «Қоғамдық денсаулық» атауынан «Қоғамдық денсаулық сақтау» атауына көшу жүзеге асырылғаны атап өтілді. Бұл білім беру бағдарламаларының салыстырмалылығын, білім алушылардың академиялық ұтқырлығын және халықаралық білім беру стандарттарына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

Қолданыстағы бағдарлама пәнаралық сипатқа ие және клиникалық емес, басқарушылық, талдамалық және профилактикалық бағыттағы мамандарды даярлауға бағдарланған. Осыған байланысты бес жылдық оқу мерзімі негізінен клиникалық мамандықтар үшін орынды болып табылады, ал қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламасын мазмұнын жаңғырту жағдайында 4 жыл ішінде тиімді іске асыруға болады.

Төрт жылдық оқу циклі:

- қажетті негізгі құзыреттерді (талдамалық, басқарушылық, профилактикалық, зерттеушілік) қалыптастыруды қамтамасыз етеді;
- оқу жоспарын оңтайландыруға мүмкіндік береді;
- қайталанатын пәндерді алып тастауға;
- практикаға бағытталған модульдерді күшейтуге;
- мамандарды даярлау көлемі мен сапасын сақтауға;
- түлектердің еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ «Медико-профилактикалық іс» бағыты бойынша мамандар даярлауды қайта жандандыру жағдайында «Қоғамдық денсаулық» бағдарламасының құрылымында санитариялық-гигиеналық пәндердің бірқатарын толық көлемде сақтаудың қажеттілігі жоқ екені атап өтілді. Бұл оқу жоспарын оңтайландыру мүмкіндігін қосымша негіздейді. «Қоғамдық денсаулық сақтау» ұғымы «Қоғамдық денсаулық» ұғымына қарағанда ауқымды әрі жүйелі сипатқа ие екені және ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет компонентін қамтитыны атап өтілді, бұл оны практикалық денсаулық сақтау үшін неғұрлым қолайлы етеді.

Ұсынылып отырған өзгерістер Қазақстан Республикасындағы жоғары медициналық білім беруді реформалау үдерістеріне және кадрларды даярлаудың құзыреттілік моделіне көшуге сәйкес келетіні атап өтілді.

Дауыс беру: Бір ауыздан.

Шешім қабылданды:

1. «Қоғамдық денсаулық сақтау» комитетінің «Қоғамдық денсаулық» бакалавриат білім беру бағдарламасының атауын «Қоғамдық денсаулық сақтау» деп өзгерту, оқу мерзімін 4 жылға дейін қысқарту туралы шешімін мақұлдау және материалдарды жоғары білім беру секциясының қарауына ұсыну ұсынылсын.

Төрайым



Ермуханова Л.С.

Хатшы



Болатова Ж.Е.